

NATIONAL OPINION OF PRESENT KAZAKH NOVELS

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ КӨРКЕМДІГІ

Aygerim IBRAYEVA

Research Assistant, S.Toraygirov Pavlodar State University, aiko_tarbinovna@mail.ru



Қазақ сөз өнерінің қалыптасуы, дамуы тарихының барлық кезеңдеріндегі көркем шығарма кеңістігінде халықтың басынан өткерген уақыт тынысы мен өмір шындығын танытуда мазмұн мен пішін жүйесімен қамтып бейнелеу жүзеге асырылып келеді. Қазақ Елінің тәуелсіздігін алған кезеңнен қалыптасуы жолында болып өткен қоғамдық-әлеуметтік оқиғалардың және олардағы көрнекті де ұлы тұлғалардың өмірлік шындық деректерін көркем шындықпен бүгінгі сөз өнерінің құндылығын бағалар ұрпақтың жан әлеміне танытуда тарихи тақырыптағы эпикалық шығармалардың, фантастика мен мифтік, реалистік және романтикалық туындылардың маңыздылығы жоғары екені анық. Әсіресе, Қазақ Елі тәуелсіздігі жарияланып, дербес егемен мемлекет болып өмір сүре бастаған жылдар белестері халқымыздың ұлттық-отаншылдық санасын жаңғыртып оятты, ұлтымыздың өзін-өзі тануы жаңа көзқарастармен жан - жақты рухани толыға түсті. Қазақ әдебиеті тарихындағы классикалық үрдістерді қалыптастырған сөз өнері алыптарының қатары жаңа есімдермен толығып, тәуелсіз қазақ әдебиетіне жаңа тақырыптық - жанрлық сипат әкеліп, көркемдік көкжиегі кеңейіп, салмағы мәртебелі қазақтың көркем әдебиеті жаңа бір белеске көтерілді.

Қазақ әдебиеттану тарихында көркем әдебиеттің жанрлық дамуы жан - жақты болды. Соның ең бастысы, қазіргі қазақ прозасындағы роман жанры. Көркем шығармаларда ұлт тарихының аса елеулі кезеңдері, тұлғалары уақыт шындығының мол деректерін негізге алып жазылуда. Көп ғасырлар бойы басқыншылық-шапқыншылық соғыстарға, отарлау езгісіне, әдейі ұйымдастырылған ашаршылықтарға, босқыншылықтарға, саяси құғын-сүргіндерге және т.б. озбырлықтарға ұшыраса да осы күнге дейін негізгі халықтық-ұлттық рухани құндылықтарын сақтаған қазақ ұрпақтарының әдебиет шығармаларында көркем шындықпен бейнеленуі – аса зәру мәселе екендігі айқын сезіледі. Әдеби шығарманың жасалу үрдісінде қаламгердің шындық болмыстағы құбылыстарды, өмірлік материалды екшеуі, сұрыптап саралауы мен жинақтап даралауының, игеруінің нәтижелі болып шығуы оның шеберлігіне, талант табиғатына, суреткерлік нысана - тұрғысына тікелей тәуелді. Жазушының суреткерлік нысанасы әдеби - эстетикалық талғамы мен таланты неғұрлым жоғары болған сайын оның өмір шындығын көркемдікпен жинақтап игеруі де соғырлым күрделі, көп сатылы, алуан салалы болып келеді. Бұл ретте, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ғасырлар тоғысында» (1996) кітабындағы пікірінің қазіргі қазақ романдарындағы тарихи шындық пен көркемдік шешім мәселелерін жүзеге асыруға тиянақты бағдар болатыны да күмәнсіз: «Мен өз халқымның көнбеске көніп, шыдамасқа шыдай білетін төзімділігіне қайран қаламын. Мәңгіліктің қатыгез басқыны біржолата шайып әкететіндей талай қилы кезең тұсында қиналса да аман қалыпты. Қазақтар талай жерде тұтасымен қырылып кетуге шақ қалды. Бірақ өмірге құштарлық, азаттыққа құштарлық қайтадан жығылған еңсені көтеріп, тәуекелге бел буғызды» [1, 268-269 бб].

XX ғасырдың 90-жылдарынан бастап Тәуелсіз Қазақ Елінің жаңа әдебиетінің қалыптасуына

жаңа уақыт кезеңі басталды. Бұл уақытқа дейінгі көркемдік, шеберлік танымды озық дамыта жалғастыра отырып, қазақ қаламгерлері ұлтымыздың тарихындағы бұрынғы-соңғы қамтылмаған ақтаңдақ беттерді жаңғыртып жазуға бел буды. Осындай дәуірлік мән - маңызы бар серпіліс қазақ прозасындағы тарихи романдар жазу үрдісінен анық байқалды.

Ұлт тарихының ежелгі замандардан қазіргі кезеңге дейінгі аралығындағы тарихи оқиғалар, бұрын жазылмаған тарихтың ақтаңдақ беттері, кеңестік дәуір кезеңдегі адамдар тағдыры, жаңа ғасыр өміртанымын көркем сөз өнері арқылы суреттеу тынысы кеңейді. Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні кең арналы болып, жазушы позициясы мен шеберлігінің кең ауқымды болуына жол ашылды. Қазір де қазақ роман көкжиегі кеңейіп, көркем туындылар арқылы қазақ халқының болмысы мен тағдырын сөз өнермен көркемдеудің айқын бағыты анықталды.

Қазіргі қазақ романдарының мазмұны – ұлттық болмысымыз бен әлемдік әдеби- мәдени кеңістіктегі адамзат табиғатын танытатын біртұтас шығармашылық тарих. Қазақ тарихының кезеңдерін қамтыған алдыңғы толқын суреткерлер ізімен кесек туындылар жазған кейінгі толқын қаламгерлер шоғыры қазіргі қазақ оқырмандарының ұлттық-тарихи санасын оятуға, жаңаша қалыптастыруға ықпалын тигізеді. Бұл орайда, І.Есенберлиннің «Мұхиттан өткен қайық», Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз», Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы (роман-хамса)», С.Елубайдың «Ақ боз үй» (роман-трилогия), Б.Тілегеновтің «Тұйық өмірдің құпиясы», С.Жұбатырұлының «Абыржы», Т.Ахметжанның «Ақиқат жолы», М.Шахановтың «Желтоқсан эпопеясы», Ғ.Құлахметтің «Үйірі жоқ көкжал», С.Досановтың «Қылбұрау», «Ұйық», Қ.Жиенбайдың «Даңқ түрмесінің тұтқыны», Асқар Алтайдың "Алтай новелласы (Өлке), Тұрсынәлі Рыскелдиевтің "Ұлы көш"(Өлке),Төкен Әлжантегінің "Қым - қиғаш тіршілік"(Елорда), Өмір Кәріпұлының "Тайталас"(Елорда),Тілеуқар Адамбайқызы Қосуақтың "Әйел айтқан хикая""(Арыс), Дәлелбек батырдың "Ақ барыс"(Елорда), Сейітхан Әбілқасымұлының "Оспан батыр"(Ана тілі), т.б. романдар шоғыры тарихи шындық, адами тағдыр тоғысымен көркемдік шешім ерекшеліктері үндесе отырып, оқырмандардың рухани ұлттық дамуына негіз болды.

Қазақ тарихының бұрын жан-жақты қамтылмаған жақтарын кеңейте, тереңдете жазуда жазушылар сөз арқауындағы бірнеше ғылымдар салаларының тұтасуы жағдайында еңбек етуде. Ұлттық тарихтың көрнекті тұлғаларын, олар өмір сүрген қоғамдық-әлеуметтік ортаның қайшылықты, тартысты күрделі болмысын шығармашылық психологиясы шеңберінде айналымға түсіріп, оқырмандарға ұсыну жауапты іс. Бұл орайда, әдебиеттанушы-ғалым А.Ісімақова мынадай дәйектеме береді: «Шығармашылық психологиясы (психология творчества) – суреткердің өмірді танудағы, мәдени қазынаны жасаушы ретіндегі жеке психологиясы, жаңа бір туындының қиялда туғанынан бастап, оның аяқталуына дейінгі динамика, яғни көркем шығарма жасаудағы жалпы және жекелеген заңдылық процесі» [2, 228 б]. Демек, өмір шындығын тарихи шындық поэтикасы аясында бейнелеуде қаламгердің шығармашылық психологиясы ең негізгі шешуші қызметті атқарады.

Қазіргі қазақ романы - ұлттық сөз өнері тарихындағы алдыңғы толқын суреткерлер қалыптастырған көркемдік үрдістің жалғасқан көрсеткіші. Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи шындық поэтикасы бағдарымен жазылған І.Есенберлиннің «Мұхиттан өткен қайық», Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз», З.Шүкіровтің «Сыр бойы», Қ.Шабданұлының «Қылмыс», Д.Досжановтың «Ақ орда» Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы», М.Мағауиннің «Мен», Б.Тілегеновтің «Тұйық өмірдің құпиясы», «1986 жыл», С. Елубаевтің «Ақ боз үй» және т.б. романдар ұлттық әдебиетіміздің әлемдік тәжірибедегі үлгілермен үндестігін айқын аңғартады. Бұл романдарда ұлттық тарихымыздағы қайраткерлер тұлғаларының, оқиғаларының барлығы да шындықты көркемдік шешіммен өрнектеудегі қаламгерлер шеберліктерін, өзіндік мәнер- машықтары танылды. Бұл орайда, белгілі әдебиеттанушы ғалым, профессор Т.Н.Рахымжановтың пікірі эпикалық шығармалардың мазмұны мен пішіні

жүйесіндегі өмір шындығы бейнеленуінде авторлық ұстанымдар табиғатын кеңінен түсінуге мүмкіндік береді:

«Қазіргі романның көркем бейнеленген объектісі – қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық құбылыстар, адамның жан қозғалысы, орталық және қосалқы кейіпкердің ішкі «менінің» өсу, кемелдену эволюциясы болып табылады [3, 219 б]. Бұл пікір қазіргі қазақ романдарындағы тарихилықты, деректерді мол қамтып жеткізетін эпикалық авторлық баяндаулар болмысын дәйектей түседі.

Қазіргі деректі эпикалық прозалық шығармалардың көрнекті үлгілерінің қатары 1986 жылғы Желтоқсан ұлттық-азаттық көтерілісіне арналады. 2006 жарық көрген М.Шахановтың «Желтоқсан эпопеясы» атты деректі романының бірінші кітабы – қазіргі қазақ әдебиетіндегі тарихи тақырыптың игерілуін білдіретін елеулі туынды. «Желтоқсан эпопеясы» деректі романының композициясында екі маңызды мәселе қарастырылады : біріншісі – автордың 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі туралы көсемсөздік-философиялық ой-толғаулары мен тұжырымдары; екіншісі – Желтоқсан көтерілісін айғақтайтын ресми құжаттар, естеліктер мен деректі материалдар. Деректі романдағы осы бөліктерде ХХ ғасырдың 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі болған күндерден бастап қазіргі ХХІ ғасырдың осы кітап шыққанға дейінгі аралықтағы Қазақстанның саяси-әлеуметтік оқиғалары, халқымыздың рухани өсуіне, өркендеуіне байланысты өзекті мәселелер жинақталған.(кейбір деректі материалдар желтоқсандықтардан алынған – автор И.А.). Деректі романның авторы, ұлтжанды қаламгер болғандықтан шығармадағы аталған тарауларда стильдік қолданыстардың алуан түрі берілген. Шығармадағы тараулардың тақырыптық сипатына орай суреттемелер де, диалогтар да, авторлық дербес толғаныстары мен тұжырымдары да, ресми құжаттар (қаулылар, мәжілісхаттар, анықтамалар, хаттар, т.б.), сонымен бірге оқиғалар желісіндегі поэтикалық әсерлілікті күшейту қызметін атқарған өлеңдер де аралас қолданылған.

Деректі романның әр алуан жанрлардың синтезі үлгісінде болуы қазақ сөз өнері тарихындағы тарихнамалық-шежірелік туындылар жазу үрдісін еске салады. Сөз арқауындағы Б.Тілегеновтің «Тұйық өмірдің құпиясы», М.Шахановтың «Желтоқсан эпопеясы», Т.Ахметжанның «Ақиқат жолы» деректі романдары жаңа дәуірдегі әдеби үдерістегі шежірелік-тарихнамалық және әдеби шығарма поэтикасы тұтастығының көрінісіндей танылады.

Т.Ахметжанның «Ақиқат жолы» (2003) роман-диалогында Желтоқсан көтерілісінен кейін «ұлтшыл», «жершіл», «рушыл» т.б. жалалар жабылып, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметінен босатылған, бірақ қуғын-сүргінге ұшыраса да әділетсіздіктен ықпаған, рухын жоғалтпаған қазақ зиялысының тағдыры арқылы тоталитарлық жүйенің шаруашылық салаларында жүрген қазақ азаматтарына да тигізген зардаптарын көреміз. Романдағы автор мен кейіпкер диалогтары шығарманың поэтикалық мазмұны мен пішін тұтастығымен өрілген. Академик З.Ахметов көркем шығармадағы диалогтың кейіпкерлердің жан әлемін, қоршаған тіршілік қозғалыстарындағы өзіндік орындарын анықтаудағы поэтикалық қызметін атап көрсеткен [2, 79-80 бб]. Диалог – деректі романдардың психологиялық сипатын күшейте түсетін көркемдік тәсіл екені белгілі, жазушы осы көркемдік психологиялық детальді шебер пайдалана отырып, кейіпкердің ішкі жан дүниесінің, көңіл қыжылын ашық бере білген.

Деректі роман – қазіргі жазбаша әдебиеттің өзіндік жанларының бірі. Құрылысындағы деректі құжаттардың, естелік әңгімелердің мол болуымен бірге туынды авторларының көркем шындық бейнелеулері де қолданылатын-дығы оларды ерекшелендіріп тұрады. М. Шахановтың «Желтоқсан эпопеясы» деректі романының «Ұлтсыздандыру саясаты немесе Желтоқсан көтерілісіндегі тіл мүддесі» атты тоғызыншы бөлімінде тәуелсіздігі ресми жарияланған Қазақстан Республикасындағы қазақ тілінің мемлекеттік мәртебелі қолданысын нығайту, қазақ ұлтының мемлекет құрушы ата-бабалық және мәңгілік тұғырын сақтау іс-әрекеттері жүйелене көрсетілген. Романның өмір шындығын танытуда жазушылық

палитрасы жоғары, суреттеу әдісі көркем, деректілікті қолдану шеберлігі ұшқыр екенін байқаймыз.

Тарихи – деректі роман жазуда ерекше туындылардың бірі – Т.Сәукетаевтың «Айқараңғысы» романын атауға болады. Роман 2011 жылы жарық көрді. Романда қазақ халқының басынан кешкен тарих жолдарының оқиғалары бастау болып, 1986 жылғы ызғарлы да, қанға боялған алаңдағы оқиға суреттеледі. Роман отыз төрт тараудан тұрады. Әр тарауға тақырып қойылған. Романның басты кейіпкерлері Әзиз Сұлтан мен Сәбира романның басында

«Бұлтты жарып Күнді ашқан,
Түнді жарып Айды ашқан
Жас Қазақ,
Өр дауысыңнан миллион жүрек оянған,
Көз жасыңнан

Көк байрағым боялған» деген эпиграф берілген. Бұл сөздерден романдағы баяндалатын оқиғаның сырын, қараңғы түнекте тұншыққан елдің бұлқынысын, ашу – ызасы мен бостандық таңы алда деген бір тұспалды байқауға болады. Ең бастысы, романның «Айқараңғысы» деп аталуы да көп ойдан хабар беретіндей. Себебі «Айқараңғы» сөзінің ұғымы табиғат пен адам болмысы табиғатының өларалық құбылысын танытатын табиғи құбылыс. Жазушы да осы қағидаға сүйенген сияқты.

Жазушы өмір шындығы мен көркем шындықты бір – бірімен жымдастырып, жігін білдірмей үйлестіре білген. Романда бейнеленген образдар мен суреттелген қиғалар, мінездер мен қимыл – әрекеттері расында да өмірде дәл солай болғандығына шүбәсіз сендіреді. Бұл романды жазуда көздеген мақсаты, ұстанған авторлық позициясы болғаны анық. Ол – халықтың тәуелсіз, азат ел болудағы мақсат – мүддесін, елдің елдігін, бірлігін, азаттығын, болашағын астарлы, жалынды сөздермен жеткізу болған.

Романның прологында жексенбі күні Шымбұлақта шаңғы теуіп, демалып, қызыққа батқан Әзиз – Сұлтан мен Сәбираның қанен қаперсіз, ертеңгі ызғарлы күннен еш хабары жоқ, екеуі сезімге толы сырларымен бөлісіп, аспан астын жарқын күлкіге толтырған сәт тосынан алай – дүлей болады.

«Кенет өзекті қуалай ұйытқыған сұп – суық жел бусанып алақызған денеге инедей қадалып түршіктіріп жіберді. Тыныштық дүр үркіп, шуақ астында шайыр иісі аңқып, маужырап, мүлгіп тұрған қалың қарағайдың басы сусылдай жөнелсін... Ұлпа қар аспанға көтеріліп, айнала астан – кестең болды да кетті әп – сәтте. Тау сілемінен ойнап шыққан қара бұлт қара құстай қанатын жайып екпіндеп келеді» деген табиғат суретінен кейіпкерлердің де ертеңгі өмірлері де алай – дүлей болатынын, оларды да тағдырдың бастарына салған азапты күндер күтіп тұрғанын меңзейді. Автор бұл қара бұлттың тек романдағы кейіпкерлердің бастарына төнгендігін емес сол ызғарлы желтоқсан айында алаңға жиналған бейбіт шеру өткізіміз деп келген талай жастың өміріне қауіп төнгендігін емеуірінмен жеткізген.

«Қайда ұштың, аққулар» деген бірінші тарауында фабрикада жұмыс істеп жүрген қазақ қызының аузымен автор мынадай сөздерді келтіреді:

«...Азғындықтан басқа не үйреттің бізге? Ішкеніміз арақ, шеккеніміз – шылым. Жолдан тапқан баланы шырылдатып жетімхананың босағасына тастаймыз. Еңгейген ананы панасыздар үйіне өткізіміз – осы ма сенің үлгі – өнегең?»

Дінімді алдың, тілімді алдың – енді алмаған нең қалды? Жоқ, жетеді осы табанда жаншылып құл болғанымыз», деген кейіпкер сөзі арқылы халықтың әбден ашынған, көп жылдардан бері жиналып келген осы ащы зары айтылған.

Бұндай зарды заңғар жазушы М.Әуезовтің де 1916 жылғы ұлт – азаттық көтерілісін суреттеген «Қилы заман» повесінде оқиғаның негізгі түйіні етіп алғаны айқын.

Аталмыш повесте: «Жерді алды, қонысты алды, суды алды... Бұдан арыға шыдай алмаймыз» деп, қазақтардың бас көтергендігін осы ащы сөздері, сондай – ақ «... Оян, намысы тапталған қазақ! Жағаласып өл, болғанша қазақ!...» - деп алаш қайраткері М.Дулатовтың «Оян қазақ!» өлеңімен идеялас жолдары арқылы жеткізілген. Әрине, бұл азаттықты Алаш қайраткерлері де аңсап, халықтың еркіндігі үшін күресіп, сол жолда өмірлерін құрбан етті. Бұл тілек сол тұстағы алаңға шыққан жастардың ғана емес, ата – бабамыздың арман, тілегі болатын. Т.Сәукетаев сол ата – бабамыздың мүддесін қайсар қазақ қызының сөзімен жеткізіп отыр.

Жазушы әрбір обрызды беруде шеберлік танытып, олардың тарихи бейнесін сомдап, әр қайсысының аузына мағыналы, терең, киелі ойларды салады. Бұнда жазушы тек оқырман ойынан шығуға аса көңіл бөліп қана қоймай, тарихи болған оқиғаны қаз – қалпында кейінге жеткізу мақсатын көздеген. Кейіпкерлер ойы, әрекеті, сөзі арқылы өзіндік, авторлық тұғырнамасын жеткізуге күш салған.

Автор романда желтоқсан көтерілісінің шығу себептерін, оның тарихын суреттей отырып, кей тұста оған кейіпкерлер көңіл – күйімен өзіндік баға беріп отыратын жерлері де кездеседі.

Қазақ поэзиясын орыс тілінде сөйлеткен О.Сүлейменов пен Қазақ Ұлтының жанашыр перзенті Д.Қонаевтың бейнелерін сомдай отырып, олардың азаматтық биік рухын, елім, жерім деген азаматтық парыздарын, ұлттың болашағы үшін толғанған ойларын, ар – намыс, мұқалмаған қайраты мен жігерін шынайы суреттей отырып, елдің алдағы өміріне деген толғаныстарын жеткізуге тырысқан.

Бұл романның құндылығы жазушының өз замандағы болған оқиғаны баяндап, тарихи оқиғаға қатысты авторлық тұғырнамасын көрсетуі, бірлікті, ерлікті шығарманың лейтмотиві етіп алуы.

Т.Сәукетаевтың «Айқараңғысы» романы отарлау саясатының озбырлықтарын, қарулы әскердің қарусыз халықты аяусыз қыруын, бейбіт шеруге оқ атылуы, қазақ билігіндегі қалыптасқан жүйенің бұзылуын, жергілікті халықтың Қазақстанға басшылық етіп басқа ұлт өкілін тағайындауына наразылық тудырғанын, сондай – ақ тәуелсіздікке, азаттыққа ұмтылған елдің ұлттық рухы мен жігерін суреттеп, сол көтерілістің халық жадында мәңгі сақталып қалуын көздегені байқалады.

Бұл ар – ожданы, намысы, құқы тапталғандардың, әбден қорлықты көрген момындардың бұлқынысы, көтерілісі, яғни түптің түбінде жететін азаттық пен тәуелсіздік идеясын жазушы сол ұлттық көтеріліс арқылы бейнелеп берген. Ойымызды түйіндесек, Т.Сәукетаев тарихи оқиғаны суреттеу арқылы оқырманның рухани байлығын тәрбиелейтін, ерлікке, батырлыққа, ұлтжандылыққа баулитын ірі сом тұлғалар жасаған. Туынды құндылығы да осында жатыр.

Жалпы еліміз тәуелсіздік алған жылдардан кейінгі жазылған романдар тақырыбының ауқымы кеңейіп, идеясы тереңдей түскені белгілі. Әсіресе, экология, табиғат құпиясы мен тылсымын таныту ретіндегі мифологиялық тақырыптағы романдар, жаңа замандағы адам тағдырын суреттейтін әлеуметтік – тұрмыстық, адамгершілік сипаттағы психологиялық романдар, роман – эсселер, роман – миф, роман - - эпика сипатында жазылған шығармалар жиынтығы бүгінгі оқырмандарың қолындағы сүйікті туындылар деп тануымыз қажет.

Ұлттық сананы ояту мен ұлттық зердені жаңғыртудың әлемдік сана-сезім үндесуінің алапат ағымына тап болған дәл қазіргі жағдайдағы орны да, қажеттілігі де орасан зор. Әлемдік даму деп аталатын сөз тіркесіне сыйып тұрған аса қомақты ұғымның барлық үндестігі де, қайшылығы да, табиғат тылсымдарын тарамдап айтпағанның өзінде, барлық адамзат атаулының мінез-құлқына, наным-сеніміне, ой-өрісі мен парасат өресіне, салт-санасы мен әдет-ғұрпына тәуелді екенін ескерсек, ұлы көшке ерудің ұлы мұраты — сана мен зердені саралау, тарихқа тәуелділіктен арылу - ұмтылыс, рухани бұлқыныс, өткен өмір, кешкен ғұмырға сын көзбен қарай білу екені даусыз. Ал бұл құбылысты көркем сөзбен өрнектеу үлкен жауапкершілікті қажет етеді.



XX ғасырдың 90-жылдары мен XXI ғасырдың бас кезіндегі қазақ прозасындағы көптеген романдар ұлттық тарихымыздағы бұрын айтылмай келген көптеген мәселелерді тарихи шындықпен бейнелеудің поэтикалық заңдылықтарын игеруімен ерекшеленді. Қазақтың көркем прозасында өзіндік суреткерлік қолтаңбаларымен танылып қалыптасқан көрнекті қаламгерлердің жаңа романдары ұлттық және әлемдік әдебиеттің классикалық үрдістерін байыта, тереңдете түсті. Д.Досжановтың «Алыптың азабы», «Ақ Орда», Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы», М.Мағауинның «Мен», Б.Тілегеновтің «Тұйық өмірдің құпиясы», С.Елубаевтың «Ақ боз үй», Қ.Шабданұлының «Қылмыс» атты романдары қазіргі қазақ прозасындағы реализм көркемдік әдісінің шынайы үлгілері ретінде оқырмандарына ұсынылды. Аталған романдардағы тарихи тұлғалар (Кенесары, Құнанбай, хакім Абай, Д.А. Қонаев, Н.Ә.Назарбаев, т.б.) және олардың заманы, уақыт пен кеңістік аясындағы қарама-қайшылықтар қазақтың ұлттық тарихына көркемдік уақыт, көркемдік шындық, поэтикалық жинақтау, авторлық шешім және т.б. шығармашылық ерекшеліктер тұрғысында қамтуымен байқалады. Аталған романдардың тақырыптық, идеялық-композициялық желісіне алынған кезеңдер қазіргі Тәуелсіз Қазақ Елінің жаңа тарихының қайта қарастырылып, жаңаша бағаланып жатқан мемлекеттік бағдарымен толық үндеседі.

2001 жылы жарық көрген романдар тобында Тілеуқар Қосуақтың "Әйел айтқан хикая" романы тақырыбының даралығымен, баяндалатын шындық құбылыстар тобының молдығымен ерекшеленеді. Шығармада көрініс тапқан оқиғалар желісі қоғам ақ пен қызыл болып соғысқан кезеңнен бастап бүгінгі күнге дейінгі кезеңге созылады. Тарих кейіпкерлері - Ақынай әже, Гүлжауар ана, Үкілімай сұлу тағдыры.

XX ғасырда ел басынан өткен ауыртпалық, соқтықпалы кезеңдер, олардың қилы шындықтары осы үш әйелдің өмір жолы, тағдыр - талайы арқылы көрсетіледі. Үш әйел өмірі үш түрлі дәуірге сәйкес келеді. XX ғасырдың басында бірі, ортасында екіншісі, соңында үшіншісі белсенді тіршілік кешті. Үш кезең - үш түрлі дәуір, үш түрлі тарих. Бірақ кезең басқа, дәуір өзге болғанымен, үш әйелдің басынан өткен өмір - тағдырының қуанышы мен өкінішінде, бейнеті мен зейнетінде, арманы мен алданышында өзгеріс те, айырмашылық та жоқ сияқты. Үшеуі де жарық дүниеден бейнет кешіп, азап шегіп өтті. Жазушының өмір туралы, өмірдің жалғандығы туралы айтайын деген көкейкесті ойы осындай көркемдік шешіммен өрістейді.

Ал Тұрсынәлі Рыскелдиев "Ұлы көш" романында XX ғасырдың басындағы қилы кезеңде Қытайға ауған қазақтардың басынан өткен қан қилы бөтен тағдыр шырмауы, атамекеннен ауып, тарыдай шашылған туған - туыс, жұрағат - жегжаттардың аштан, көштен қалған запыран ғұмыры суреттеледі. Романның басты қаһарманы - Ақтоты. Ата жұрттан кеткенде аузынан ана сүті арылмаған алты жасар қыз еді, ал атамекенге оралғанда сексеннен асқан кейуана болды. Бір әйел тағдыры - Ұлт анасының тағдыры іспеттес. Жазушы осы қым - қиғаш әйел ғұмырын терең бір сезіммен сипаттайды.

Романның композициясындағы бірқатар оқиға желісі Әсет Найманбайұлы, Жүсіпбек Шайхысламұлы, Таңжарық секілді қазақ өнері мен мәдениетінің, қазақ әдебиетінің ірі өкілдерінің ірі өкілдерінің өмірі, өнегесі, өнері зерделенеді. Көш үстіндегі елдің мәдениеті мен өнері, әдеті мен ғұрпы, тұрмысы мен салты, кәсібі үлкен эпикалық сарында танылады. Сол сарын арнасында атамекенін арман еткен жеке тау тұлғалардың өкініші мен үміті, мұңы мен сыры, мақсат пен мұраты кейбір тұстарда барынша биік болып, өресі үстем болды.

Көркем характер жасауда тағы бір шеберлік иірімі жазушы Сейітхан Әбілқасымұлының "Оспан батыр" романын айтамыз. Роман мазмұны Шығыс Түркістандағы халық көтерілісінің басшысы Оспан батырдың өміріне арналған. Қаламгер Оспанның жеке басының жайы мен оны қоршаған ортаның әлеуметтік - қоғамдық шындықтарын жеке қарамай, өзара біртұтас қалыпта бейнеленеді. Оспанның күрескерлік тұлғасының қалыптасуына негіз болған өмір құбылыстары, адамдар тағдыры, елдің басындғы мұң мен зар, ерлік пен елдік, өмір мен өлім

хикметі - мұның бәрн де автор көркемдік таным сұраныстарына қарай сомдайды. Сондықтан романның көркемдігі халықтың ереулік рухы, азатшыл ойы шынайы берілген. Сондықтан да болар Оспан батырдың тарихи тұлғалық, қаһармандық бейне тұғырына жетуі, сөз жоқ жазушының сөз саптауы мен мәнелі көркем жазуында деп білуіміз керек.

Қазақ әдебиетінің соңғы ширек ғасырда, яғни Қазақ Елінің Тәелсіздік алғаннан кейінгі жарық көріп жатқан көрнекті көркем туындылары - ұлттық санамыздағы көркем ойлаудың кодтық көрсеткіштері. Әдеби шығармалар мен ғылыми зерттеулердің мыңжылдықтар белестерінде қалыптасқан қазақ өркениетін танытатын тарихи-мәдени құндылықтардың барлығын да шынайы болмысымен толық қамту аясында жазылып жатқандығын байқаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Өнер, 1996. – 272 б.
2. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құрастырғандар З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
3. Рахымжанов Т. Романның көркемдік әлемі. – Алматы: Рауан, 1997. – 223 б.
4. Қазақ прозасы: Хрестоматия. Үш томдық / Құрастырған және алғы сөзін жазған Х.Ж.Сүйіншәлиев. 1-том: 564 б.; 2-том: 564 б.; 3-том: 548 б.). – Алматы: Ғылым, 2001.
5. Шаханов М. Желтоқсан эпопеясы: Деректі роман.. – Алматы: ЖШС «Жедел басу баспаханасы», 2006. Т. 1.– 624 б.
6. Жұбатырұлы С. Абыржы. Роман. – Қызылорда: Тұмар, 2000. – 448 б.

ӨТІНІМ НЫСАНЫ:

1. Ибраева Ә йгерім Тарбинқызы
2. С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Гуманитарлық - педагогикалық факультеті, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2- курс магистранты
3. С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
4. Қазақстан, Павлодар қаласы
5. Қазақстан. Павлодар қ., ак.Бектұров көшесі, 2/1-128, ү.т: 8 (7182) 53 67 95
ж.т: 8 (7182) 67 36 87 ішкі 1327 .
ұялы тел: 8777 068 48 15
aiko_tarbinovna@mail.ru
6. Баяндама тақырыбы – Қазіргі қазақ романдарындағы ұлттық идея көркемдігі